



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

кемшіліктерден әрдайым жоғары тұруы керек. Әлеуметтік желідегі сияқты қалай болса жаза беруге болады екен деп журналистер өздерінің кәсіби тілдік жазу мәнерлерін төмендетіп алмаулары қажет. Сауатты жазылған мәтіннен-ақ журналистің сапалы қолтаңбасы өзінен-өзі ерекшеленіп, менмұндалап тұруы тиіс. Әзірге тілдік және жазу сауаттылығы жағынан өкінішке қарай әлеуметтік желі көп ақсап тұр.

Қазіргі күндері қоғамның талабына сәйкес, әлеуметтік желілерде өткір талқыланып жатқан түйткілді мәселелерге атқарушы үкіметте бірден назар аударатын болды. Мысалға, азаматтарды уақытша тіркеу мәселесіне байланысты халыққа қызмет көрсету орталықтарында орын алған кезектер туралы әлеуметтік желілер де, ақпарат құралдары да жаппай көтеріп еді, үкімет мәжілісінде дереу қаралып, арнайы министрліктерден жіберген кемшіліктерді тез жөндеу талап етілді. Соңғы жылдары әлеуметтік желілердің тікелей ықпал етуімен БАҚ халық пен үкімет арасындағы көпір міндетін қайтадан еске түсіре бастады. Әйтпесе, әсіресе ресми БАҚ тек қана жарқын жетістіктер мен мемлекеттік түрлі бағдарламалардың орындалуын жарнамалаудан аса алмай қалып еді. Олардың өз тұтынушысы алдындағы беделі де түсіп кеткені белгілі. Қорытынды түйініміз, әлеуметтік желілер БАҚ-ның заман талабына сай өзгеруіне және бәсекелестік қабілетін арттыруға тікелей әсер етіп жатқаны өмір шындығы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тоффлер Э. Шок будущего.- М.: АСТ, 2001. С.34.
2. Несбит Д., Эбурдин П. Что нас ждет в 90-х гг.: Мегатенденции. Год 2000. – М., 1992.
3. Браславец, С. А. Социальные сети, как средства массовой информации: к постановке проблемы / С. А. Бра-славец // Вестник ВГУ. Серия: Филология. Журналистика. – 2009. – № 1. – С. 125 – 132.
4. Тоискин, В. С. Классификация социальных сетей Интернет, как элементов социальных структур / В. С. Тои-скин, В. В. Красильников.

УДК.Ж.070.41

«FACEBOOK» ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР КӨРІНІСІ

Жуматаева Перизат Ерғанатқызы

zhumataeva.p@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика мамандығының

1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Б.Тоқтағазин

Интернеттегі "Фейсбук" желісінің танымалдылығы жыл өткен сайын арта түсуде. Бұл ашық ой-пікірлер білдірудің еркін аймағы болғандықтан оған тіркелгендер ешбір тақырыптық шектеусіз өз ойларын бүкпесіз білдіруде. Қоғамдық пікір қалыптастырудың бір алаңшасына айналған интернет-ресурста өміріміздің небір өзекті мәселелері ашық әрі қызу талқылануда. Бұл дегеніміз қоғамдық ой-пірді алаңсыз айтудың, демократияның көрінісі.

Дегенмен көкейдегі ойды қалай болса солай ақтара бермеген жөн деп ойлаймын. Себебі әрбір жазылған ой-пікірді мыңдаған адамдар оқиды, бағасын беріп жатады. Шынында "Фейсбуктен" небір посттарды кездестіруге болады. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, деңгейі бар. Сөзімді нақты мысалдармен одан әрі өрбітпекпін.

Жалпы бұл желінің бір ерекшелігі мұнда зиялы қауым өкілдері көп тіркелген. Пікірлерін төгіп тастайды. Мысалы белгілі тележурналист Еркін Байғабылұлы латын әліпбиіне орай мынадай пост жазыпты: "Латын әліпбиіне көшудің бір жақсы, бір жаман жағы бар екенін ұқтым. Жаман жағы енді осыған дейін кириллицада жүргенде мемлекеттік тілді үйренбеген қазақтар мен басқа ұлт өкілдерінен мүлдем үміт үзетін сияқтымыз. Жақсы жағы

латын әліпбиімен әліппені оқитын жас ұрпақтың рухы мықты болады. Ресейдің отарлау саясатынан, кеңестік заманның қоқан-лоққы көрсету саясатынан әбден жалтақ болып қалған аға буыннан гөрі маған жігерлі де рухты жас буынның өсіп-өнгені ұнайды. Тек әліпбиді мейлінше оңай оқылатындай жетік етіп алу үшін әрқайсымыз атсалысып, талқылап үлес қосайық!"

Журналистің пікірін фейсбукшілер іліп әкеткен. Оған Lyazzat Amirjan деген кісі: "Еркін-ау, орыс тілі кириллицамен қалатын болса, нағыз ми ашу болмай ма? Жаңадан сауат ашатын балаларға қиын ғой? Орыс тілін оқу бағдарламасынан алып тастамайды ғой?" деген ойын жазса бірқатары төмендегідей пікірлерімен бөлісіпті:

Берден Кабулов: "Тоқал ешкі құдайдан мүйіз сұраймын деп, құлағынан айрылыпты" деген бар. Латиницаға көшеміз деп далақтап жүргенімізде, қалт-құлт етіп отырған қазақтың тағы бір буынынан айрылып қалудың қаупі басым болып тұр. Қазақша білмейміз деп жүргендер үшін, ендігі жерде латынша қаріп танымаймыз деп, қазақ тілінен мүлдем теріс айналып кетеді ғой енді. Бұл кейбіреулер үшін жүдә жақсы болды. Құрып кетпейік десек, латыншаға бәріміз бірдей көшуіміз керек, өйткені заң біреу, ол баршамызға ортақ. Ала қойды бөле қырыққанның соңы жақсылыққа апармайды, онсызда басы бірікпейтін қоғамдағы проблема өршіп кетуі мүмкін...

Мейрамтай Иманғалиева, Латын әліпбиіне көшетін болсақ, орыс, қазақ демей бәріміз көшкеніміз дұрыс. Бір елде екі әліпбидің болуы миыма мүлдем қонбайды. Мұны елді екіге жару деп білемін.

Бауыржан Шабалов, Армения, Грузияда орыс тілі кириллицамен оқытылады. Содан екіге бөлініп кеткенін көргеміз жоқ.

Aidos Sarym, Латын қарпі және тарихи контекст. Елде болып жатқан аса күрделі реформаларға орай мынаны есте сақтау керек... Атам қазақ, бағзы замандағы бабаларымыз неге рунаны тастап, араб қарпіне көшті? Былай қараса бабалар мұрасы, рунамен жазылған қаншама мұра, тасқа қашалған дүние бар. Бірақ, көшті. Себебі бір: сол кездегі руна сол заман адамдарының рухани ізденістері мен қажеттілігін өтей алмады. Тәңір ілімі күрделеніп бара жатқан заманға ілесе алмады, адамдардың метафизикалық, экзистенциалды ізденістеріне, сұрақтарына жауап таба алмады.

Сондықтан да ата-бабамыз дәстүрлі мұрасынан бас тартып, ислам дінін қабылдады. Исламмен қатар рунадан да бас тартты...

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы әліпби өзгерісінің астарында да үлкен рухани ізденістер болды. Әрине, сырттан қысым да болды, қазақты діннен, дәстүрден күштеп үзу саясаты да тұрды.

Бірақ, қазақтың бәрі болмаса да біразы жаңа әліпби қазақты сан ғасырлық ұйқысынан оятады, еңсесін көтереді, заманауи өзгерістердің көшін қуып жетуге сеп болады деп ұқты.

Жаңа әліпби қазақты заман талабына сай қылады. Жахандық бәсекеге, ғылыми-техникалық прогресс тілін ұғындырады деген ұстаным да болды.

Бүгінгі өзгерістерге де осы тарихи көкжиек тұрғысынан қарау керек.

Орыс тілі мен кирилл қарпі қазаққа аздық етіп жатыр. Тіпті қазақтың рухани ізденістерін тежеп, заманға керіағар роль атқарып жатыр. Не десеніздер о деңіздер, бірақ кирилл қарпі құлдық сана мен отарлық қамыттың синонимдеріне айналып болды. Сондықтан құлдық санадан құтылу міндет, парыз. Егер бұл қадам екі не үш саты арқылы келсе де қарсы емеспін. Бәрібір керек. Тіпті бүгінгі латын нұсқасын билік күшпен өткізсе де, ертеңгі жаңа билік оны қазаққа жақындатып, тіл қажеттіліктеріне сай өзгертеді. Әліпбиді жаңарту, апгрейдтеу болашақ саяси оппозицияның ұраны болып кетсе де таңым жоқ!

Ойлансын билік![1]

Айта кетерлік жайт, латын әліпбиінің алғашқы нұсқасына байланысты қызу пікірталас болғаны белгілі. Ондай пікір алысу жекелеген мекемелерде, ғылыми конференциялар мінберлерінде кеңінен талқыға түсті. Әсіресе бұл ЕЛДІК МӘСЕЛЕ көпшілік ұйысқан "Фейсбук" әлеуметтік желісінде ерекше қызу талқыланды. Өйткені мұнда қарапайым адамдармен қатар ірі ғалымдар мен саясаткерлер де отыратынын халайық жақсы біледі.

Осы сөз болып отырған желіде өзіндік пікір-пайымымен көрініп жүретін тұлғаның бірі, "Қазақ үні" газетінің басшысы, белгілі ақын Қазыбек Иса. Ол Қазақстан Жазушылар одағының құрылтайы қарсаңында жеке пост жазды. Содан ықшамдап берсек, мынадай:" Қазақстан Жазушылар одағының басшысы кім болады? Жаңаратын басшылықтың назарына қаламгерлерді толғандырып жүрген қадау-қадау мәселелер жөнінде өз ойымызды ортаға салып отырмыз. Қазір қазақ қаламгерінің «Мен саясатпен айналыспаймын» деген сөзі қара басының қамын халық қамынан жоғары қоятын, жанаяр сөзі «Маған Жерің де, Тілің де, Әділдігіңнің де, тіпті Тәуелсіздігіңнің де қажеті жоқ» деген сөзбен бірдей екенін түсінетін уақыт жетті! Енді міне, ертең Қазақстан Жазушылар одағының XV құрылтайы өткелі жатыр. Он алты жыл бұрынғы айтқандарымыздың көбісі әлі күн тәртібінде тұр екен. Сондықтан да, тағы да қайта бір електен өткізуге болады деп білеміз. Ал енді осындай орайлы кезеңді орнымен пайдаланып қалуымыз қажет. Біз бұл жерде жеке бастың, тұрмыстың қамын емес, ұлттық мүдде тұрғысынан айтып отырмыз. Ал енді құдайдың өзі рахымы түсіп, осындай кезең тудырып отырғанда, бірігіп білек сыбанып, іргелі іске кірісу керек. Рухани жаңғыру кезеңі рухты шығармалар күтеді!

Сонымен, 12 наурызда өтер Қазақстан Жазушылар одағының XV құрылтайы қарсаңында жаңаратын басшылықтың назарына қаламгерлерді толғандырып жүрген қадау-қадау мәселелер жөнінде өз ойымызды ортаға салып отырмыз.

Ең алдымен, бірінші айтарымыз, Ұлттық мүддені қорғау – Ұлт жазушыларының басты міндеті және қасиетті парызы болуы тиіс! Тәу етер Тәуелсіздігіміз – ел үшін ең басты, бағасы да, баламасы да жоқ бақытымыз! Ал Тәуелсіздіктің іргесін бекемдеп, берік етіп, сақтай білудің негізі – Ұлттық мүддеміздің ұпайының түгел болуы. Ұлттық мүдде дегеніміз, ең алдымен бабаларымыздан қалған байтақ Жеріміздің сақталуы мен Қазақ тілінің Мемлекеттік Тіліміз ретінде заңмен бекіп, төрге шығуы! Ұлттық мүдде таразыға түскенде Ұлт жазушылары күрестің алдыңғы шебінен табылуы тиіс! Кеше ғана Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Рухани жаңғырудың заңды жалғасындай «Үкімет пен Парламент тек қазақ тілінде жұмыс істеуі тиіс» деген тапсырмасы да, елмен бірге ең алдымен қазақ қаламгерлерінің басты қолдауына ие болуы заңдылық екені белгілі жәйт.

1940 жылы бір күнде еліміз еріксіз еніп кеткен кириллица бұғауынан 77 жылдан соң босап шығып, Қазақша латын әліпбиін қабылдап жатырмыз. Бұл Рухани Тәуелсіздіктің бастауында қаламгерлеріміз де алдыңғы шептен табылуы керек.

Қазір қазақ қаламгерінің «Мен саясатпен айналыспаймын» деген сөзі қара басының қамын халық қамынан жоғары қоятын, жанаяр сөзі «Маған Жерің де, Тілің де, Әділдігіңнің де, тіпті Тәуелсіздігіңнің де қажеті жоқ» деген сөзбен бірдей екенін түсінетін уақыт жетті! Қай елдің тарихына қарасаң да, кеше ғана өзіміз 100 жылдығын атаған Алаш Орда тарихына қарасаңыз да, Ұлт мүддесі жолындағы күрестерде, ақиқаттың алмас қылышын ұстауда қаламгерлер қатты қайрат көрсеткен!

Ел әсіресе, қазақ халқы қаламгеріне қарап, бой түзейді. Ал біздің зиялы қауымымыз кеше Желтоқсан көтерілісі кезінде жалын жастарымызды қаралаған үндеулерімен ел жүрегіне қара таңба салды. Бұндай билік айтты деп, алдына түсіп алып шауып, ақиқаттан аттап кету, әділдіктің туын жығып беру әлі күнге дейін жалғасып келеді...

Екінші – кітап мәселесі. Дәл бүгінде жақсы туынды жерде қалмайтынына сене бастадық. Енді оның таралуы мәселесі тиісті министрліктің басты назарында тұрғаны белгілі. Осы іс тезірек қолға алынса, қаламгер үшін маңызды шара болар еді. Өйткені, қалың оқырмансыз – қандай да қаламгер тұл екені белгілі.

Қазір мемлекеттік бағдарламамен шыққан кітаптар 2000 данамен ғана шығып келеді. Ол еліміздегі 11 мыңнан асатын кітапханаларға бір данадан да жетпейді. Егер әр кітапханаға бір данадан жететін етіп көбейтсек, кемінде 11 мың данамен шығар еді.

Ал кітап оқитын елдің кітапханадан гөрі алдымен кітап дүкендеріне бас сұғатыны белгілі. Қалада кітап дүкендері болғанмен, аудан орталықтарында жоқтың қасы десек те болады. Сондықтан жергілікті жерлерде кітап дүкендерін көбейту керек. Заман талабына сай электронды кітапханаларды ауылға да жеткізу керек.

Дүкендерімізді жаулап алған шет елден келетін кітаптарға шектеу қою керек.

Үшінші, қазақ қаламгерлерінің шығармаларын шет тілдерінде шығарып, шет мемлекеттерде тарату мәселесі қазір дұрыс жолға қойылып келеді. Осы мәселені кеңінен қолға алу керек. Былтыр қазақтың 5 ақыны Моңғолияның Улан Батыр қаласында өткен Дүниежүзілік поэзия фестивалына – Әлем ақындарының 37 конгресіне қатыстық. Осындай дүние жүзінің дүлдүлдері қатысатын дүбірлі бәйгелерден шет қалмауымыз керек. Ал біз 37-ші рет өтіп жатқан әлемдік ақындар конгресіне бірінші рет қатысып отырған қазақ ақындары екенбіз... Бас кеңсесі Парижде орналасқан Әлемдік өнер және мәдениет академиясының әліемнің ең үздік ақынына берілетін Алтын медалына ие болған көрнекті ақынымыз, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулеттен бастап, бәріміз осы аталмыш академияның академигі атандық. Әлемдік ақындар конгресінің сыйлықтарына ие болып, олжалы оралдық. Осы әлемдік конгресте қазақ ақыны Ұлықбек Есдәулет көтерген Әлемдік ақындар Конгресін Қазақстанда өткізу мәселесін мықтап қолға алып, қолдауымыз керек.

Төртінші, талайдан зарлап жүрген қаламақы мәселесі."

Қазыбек Исаның бұл ой-пікірлеріне көкейтесті пайымдарын айтқандар аз болмады. Солардың бірқатарын келтірейін:

Баха, 10 Наурыз, 2018, 13:55

Дұрыс, осындай орынды ұсыныстар, орынды пікірлер жазылғаны өте дұрыс деп білемін. Қазақстанның болашағы өзіміздің қолымызда екенін ұмытпаған жөн. Рухани жаңғыру бағдарламасын қолдасақ жаман болмаймыз.

Махамбет, 9 Наурыз, 2018, 20:45

«Қазір қазақ қаламгерінің «Мен саясатпен айналыспаймын» деген сөзі қара басының қамын халық қамынан жоғары қоятын, жанаяр сөзі «Маған Жерің де, Тілің де, Әділдігіңнің де, тіпті Тәуелсіздігіңнің де қажеті жоқ» деген сөзбен бірдей екенін түсінетін уақыт жетті! Қай елдің тарихына қарасаң да, кеше ғана өзіміз 100 жылдығын атаған Алаш Орда тарихына қарасаңыз да, Ұлт мүддесі жолындағы күрестерде, ақиқаттың алмас қылышын ұстауда қаламгерлер қатты қайрат көрсеткен!» деп турасын бір-ақ сілтепті ағамыз. Иә, саясаттан қашып, сая іздеген бұқпантайлар аз емес қаламгерлер ішінде.

Аманғазы Кәріпжан, 9 Наурыз, 2018, 22:19

Жаңа басшыдан шығармамызға ашық сарап, әділ баға, барлық жазушыға бірдей ықылас, елдік мәселеден қорықпайтын жүрек және басшыға тән басқа да парасатты ұстанымның бәрін күтеміз.

Ботагөз, Қостанай, 9 Наурыз, 2018, 23:13

Қазыбек мырзаның ұсыныстары, үндеуі қазақ халқының жанайқайы мен мұңы деп түсінемін. Біз халық шығармашылық азаматтардың, соның ішінде ақын- жазушылардың қаламына, сөзіне, іс-әрекетіне, азаматтық позициясына аса көңіл бөліп, осы жандар жер, тіл, ұлт деген асылдарымызға қамқор болса екен деп тілейміз. қандай заман, уақыт болса да, елдің, ұлттың зиялылары рухты болса екен.

Аман, 10 Наурыз, 2018, 13:58

Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша осы уақытқа дейін өте көп жұмыстар атқарылды. Осы істердің барлығының басында тұрғын Елбасымыз болашаққа Қазақтың құндылықтарын сақтап қалу үшін жасатып отыр [2].

Ортаға салынған ойды көпшілік осылай талқылай жөнелген. Бәрі де өз жүрекжарды ойларын ортаға салған. Еш жасандылық немесе саясатқа тарту жоқ. Не ойласа соны жазған. Бұл да болса "Фейсбуктің" ерекшелігі ғана емес артықшылығы болса керек.

Енді мына бір мәселеге назар аударсақ. Зерттеулерге қарағанда: Facebook қолданушысының фотолары мен жазбалары және «лайктары» ол туралы көп мәлімет береді. Мамандардың айтуынша, бұл ақпараттар маркетингтік пайдалы, бірақ адам құқығын бұзуы мүмкін. Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің ғалымдары Facebook ("Фейсбук") желісіндегі 58 мың ерікті жиналған топқа зерттеу жүргізді. Мамандар олардың мінездерін, ұнататын нәрселерін зерттеген. Ғалымдар зерттеу кезінде қолданушылардың

2009-2012 жылдар аралығында басқан like белгісі арқылы олардың діни сенімін, саяси көзқарасын сараптаған. Зерттеу қорытындысы америкалық ғылыми Proceedings of the National Academy of Sciences (PNAS) журналында жарияланды" [2].

Бұдан шығатын қорытынды, "Фейсбук" желісі қоғамда орны бар, жұртшылық құрметіне бөленген әлеуметтік желі болып отыр. Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы ерекше контенттер жүйесіне айналған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Латын қарпі және тарихи контекст. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <https://www.facebook.com/aidos.sarym/posts/10214073131972197>
2. Рухани жаңғыру кезеңі рухты шығармалар күтеді. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <https://www.facebook.com/kazybek.isa/posts/1861377897269145>

УДК 36.77

ЭКОТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ КАК СПОСОБ СОЗДАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО БРЕНДА

Жургенбекова Аида Сагатовна

aida.zhurgenbekova@gmail.com

Студентка 4 курса специальности журналистика

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А. Мурат

В условиях развития современного общества, одним из набирающих популярность явлений стал экологический туризм. Именно его можно считать одним из природоориентированных видов туризма. Он подразумевает под собой гармоничное взаимодействие природы и человека, с соблюдением стабильности ее состояния и целостности ее компонентов. Места, предназначенные для данного вида туризма, представляют собой минимально измененные антропогенными факторами ландшафтные комплексы.

Между тем, The Ecotourism Society дает определение экологическому туризму как: «целеустремленное путешествие в естественные области, чтобы понять культуру и окружающую среду; забота о неизменности и целостности экосистемы; производство экономических возможностей, которые делают сохранение природных ресурсов выгодным для местных жителей» [1].

Международный союз охраны природы (фр. Union internationale pour la conservation de lanature, IUCN), Комиссия по Природным паркам и Защищенным областям (CNPPA) дает определение понятию. Оно звучит как: «экологически ответственное путешествие и посещение естественных областей, чтобы наслаждаться и ценить природу; туризм, который способствует сохранению, оказывает низкое влияние посетителя и предусматривает полезно активное социально-экономическое участие местных поселений» [2].

Таким образом, создание пространства для экологического туризма подразумевает не только определенный ландшафт, но и интерес различных сторон, в том числе государства, местных жителей, представителей коммерческих и социальных организаций, участников бизнес структуры. Важно задать нужное направление развития для каждого сегмента, то есть обеспечить защиту природы, увеличить качество образования, популяризировать национальную культуру, стимулировать рост доходов, тем самым увеличив потенциал региона.

В настоящее время выделяют четыре вида экотуризма:

1. *Научный туризм.* В ходе научных экотуров туристы участвуют в различного рода исследованиях природы, ведут полевые наблюдения. Например, широко известны экотуры,